

АЙҚЫН

АМАНАТ ХАНЗАДАЛАР



Құрандағы «Ахзаб» сүресінің 72-аятында «Біз аманатты көктерге, жерге және тауларға ұсындық. Олар мұны қабылдаудан бас тартты, жауапкершілігінен қорықты» делінеді. VII ғасырда өмір сүрген ислам ғұламасы Абдулла Омар: «Егер сендер аманатты сақтай алсаңдар, екі дүниеде де ештеңе жоғалтпайсыңдар», – деген.

Аманат (араб және ағылшын тілінде – hostage) – адамның азат етілуіне мүдделі адамдарды, әлдебір талаптарды орындауға көндіру мақсатымен, күш қолдану арқылы ұсталып отырған адам. Мемлекетті, ұйымды немесе азаматты мәжбүрлеу мақсатында жасалып, аманат ретінде адамды ұстап алу мен ұстау немесе аманат адамды азат етудің шарты ретінде қандай да бір әрекетті жасаудан өзін тежеу – қылмыстық заңнама бойынша қоғамдық қауіпсіздікке қарсы қылмыс. Уикипедия осылай дейді.

Біз «аманат» ұғымының саяси сипаты туралы сөз етпекпіз. Ежелгі русь князі Ярослав Алтын Орда билеушісі Батуға толық бойұсынудың белгісі ретінде өзінің ұлы Александрды аманатқа бергендігі тарихтан белгілі. Иван Грозный Сайын-Болатты қалға ретінде ұстағаны да белгілі. Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» романында Сібір хандығын билеуге келген Ораз-Мұхаммед сұлтан аңдаусызда орыс қолбасшысының қақпанына түсіп қалады. Саяси тұтқын ретінде Мәскеуге жіберіледі. Ораз-Мұхаммедтің қабілет-қарымын байқаған Борис Годунов оны швед, поляк елшілерін қабылдау рәсіміне, түрлі кеңестерге қатыстырады. Ханзада 24 жасында швед жорығында шайқасқа қатысады.

Соғыста дәрежесі бойынша армиядағы үшінші адам қатарына шығады. Речь Посполита мен Қырым одағына қарсы шайқаста 27 жастағы сұлтан «орыстың воеводасы» деген атақ алады. Ораз-Мұхаммед Мәскеуден 250 шақырым қашықтықтағы Қасым дейтін қуыршақ мемлекеттің басшысы болады. Поляк тарихшыларының деректеріне қарағанда, Ораз-Мұхаммед түрлі саяси оқиғалардың бел ортасында болған. Ол Ресейдегі аласапыранды пайдаланып Есім ханды Мәскеу тағына отырғызуға ұмтылады. Ораз-Мұхаммед Болотников бастаған кедейлер көтерілісін де өз мақсатына пайдалануға тырысады. Өкінішке қарай, көтеріліс сәтсіз аяқталып, патша жансыздары Ораз-Мұхаммедтің бүлікшілерге дем беріп отырғанын анықтайды.

Келісім бойынша Есім ханның жасағы Мәскеуге шабуылдауы керек еді. Осы тұста Ташкентте Тұрсын хан деген бүлік жасап, Қазақ хандығын екіге бөліп жібереді. Есім хан өз басымен қайғы болып жатқан еді. Бұл кезең әйгілі «Қатаған қырғыны» деген атпен тарихта қалды. Ораз-Мұхаммед «Иван Грозныйдың ғайыптан аман қалған баласымын» деп жүрген Дмитриймен байланысады.

Оған «Василий Шуйскийдің армиясын талқандап, Мәскеу тағына отыруға көмектесемін. Есесіне Еділ бойындағы қалаларды маған бересін» деген талап қояды. Поляк-лях және татар-чуваштан тұратын біріккен армия Мәскеуді келіп қоршайды. II Дмитрий қорқақтық танытып, ойсырай жеңіледі. Осы шайқастан кейін, Речь Посполита императоры III Сигизмунд Ораз-Мұхаммедтің өзін Ресей тағына әкелмекші болады. Тарихшы В.Ключевский: «...Была высокая вероятность того, что престол займут не Романовы, а Мухамедовичи», – деп жазады. Ораз-Мұхаммед орыстар үшін тамаққа тұрып қалған қылтан секілді болады. Ол әскери істі жетік білген, жанына 15 мыңдай адамды топтастырған қолбасшы еді. Бұл туралы «Большой полк насчитывал в своем составе несколько десятков тысяч человек стрельцов, пеших и конных воинов. Ураз-Мухаммеда знали и любили в войсках» деп орыс жылнамасында жазылған. Ораз-Мұхаммедтің өмірі арпалысқа толы. Ол Мәскеуге аманат ретінде алынған, кезінде күшпен шоқындырылып, кейін қайта мұсылман болған – ноғайлық Петр Урусовпен Қазақ хандығына оралуды көксейді. Ораз-Мұхаммедтің отбасы жалған Дмитрийдің лагерінде қалып қояды. Ораз-Мұхаммед отбасын алып кетуге әрекет жасағанда қапияда мерт болады. Петр Урусов Дмитрийдің басын шабады. Урусовтың өзі 1639 жылы Кафа қаласында қақпанға түсіп, азаптап өлтіріледі.

Ораз-Мұхаммедтің отбасы орыс қыспағында қалады. Я.Ханыков деген тарихшының «Сведения о роде Тевкелевых» деген кітабында келтірілген деректерге қарағанда, Құтлы-Мұхаммед Тевкелевтің түбі Ораз-Мұхаммедке барып тіреледі. Ал Тевкелевтің қазақ тарихында қандай орны болғаны тарихтан белгілі.

Қазақ даласы Ресей үшін Шығыс мемлекеттерімен жалғастыратын көпір іспетті болатын. Орта Азия елдеріне, Қытайға жол ашатын қақпа деп білген I Петр (1682-1725) қазақ жеріне бірнеше экспедиция жіберді. 1718 жылы Семей қамалының, 1720 жылы

Өскемен бекінісінің негізі қаланды. 1730 жылы 8 қыркүйекте Уфаға Әбілқайыр ханның Сейітқұл Қойдағұлов пен Құлымбет Қоштаев бастаған елшілігі келді. 1731 жылы 19 ақпанда Ресей патшайымы Анна Иоанновна Әбілқайыр ханға грамота жіберді. 1731 жылы 30 сәуірде Кіші жүзге орыс тілмашы, елші А.Тевкелев бастаған елшілік келді. Олармен бірге Петерборға жіберілген қазақ елшілері де оралды. Сонымен, 1731 жылы 10 қазанда өткен қазақ құрылтайында Кіші жүздің Ресейге қосылуы туралы шешім қабылданды. 1731 жылы 15 желтоқсанда Тевкелевпен келіссөз жүргізген Орта жүз ханы Сәмеке Ресейге қосылу туралы ұсыныс жасады. Ол ұсыныс 1734 жылдан кейін жүзеге асырыла бастады. 1734 жылы 10 маусымда Анна Иоанновна Әбілқайырға Ор өзенінің сағасынан бекініс салу қажеттігі жөнінде хат жолдап, қала салынатын жерге И.Кириллов пен А.Тевкелевті жіберді. Жайық бойына 14 қамал салынды. 1740 жылы Орынбор экспедициясы бастығы, генерал-князь В.Урусов Орынборға елшілік басқарып келді. 19 тамыз бен 1 қыркүйек аралығында Нұралы, Ерәлі сұлтандармен, Жәнібек, Бөгенбай, Есет батырлармен, кейінірек Орта жүз ханы Әбілмәмбет және Абылай сұлтанмен келіссөз жүргізді. Оның барысында Кіші жүз бен Орта жүздің 399 өкілі Ресейге қарайтындығы жөніндегі шартқа қол қойды. Алайда осы шарттан кейін де Ресейге Кіші жүздің біраз бөлігі, Орта жүздің аз ғана бөлігі қосылды.

Аманатқа берілген ханзадалар ғұмырына көз салсақ, олардың жай адам болмағанын көреміз. Ресей билігі «түбінде осы қауіпті болады-ау» деген балаларды аманатқа алып отырған. Соның бірі – Әз-Жәнібектің бесінші ұрпағы Әбілқайыр ханның ұлы Қожахмет. Ол Шыңғыс ханнан бастап таратқанда, хан әулетінің он тоғызыншы ұрпағы. Ағылшын суретшісі Джон Кэстльдің Әбілқайыр ханды былайша сипаттайтыны бар: «Ол зор тұлғалы, сымбатты, аппақ жүзі қызыл шырайлы, түсі сондай жылы кісі, сонымен қатар зор денсаулық пен қайрат-күш иесі, садақ тартуға келгенде шынымен-ақ бүкіл ұлтта оған тең келетін кісі жоқ».

Әбілқайыр – 1730 жылы көктемде Балқаштың оңтүстік-шығысындағы Итішпес елдімекенінде жоңғарларға қарсы жүз жылдық соғыста қазақтың жеңісіне қол жеткізген адам. 1731 жылы Ресей қарамағына кіргені жөнінде ант береді. Ант беру арқылы ол Ресеймен тату тұруды, оның қарамағына өткен башқұрт пен Еділ қалмақтарының қазақ қоныстарына шапқыншылығын тоқтатуды, Ресейдің көмегімен жоңғар қалмақтарының қол астында қалған қазақ жері мен қалаларын қайтарып алуды, империя әкімшілігіне сүйеніп, қазақ арасындағы беделін арттырып, үш жүздің басын біріктіріп өзі билеуді көздейді. Патша тағындағы Анна Иоанновнаның, кейіннен Елизавета Петровнаның талаптарына толық мойынсұнғысы келмейді. Кіші жүзде дербес саясат жүргізуге ұмтылады. Сол кездегі қалыптасқан саяси жағдайлардан шығу үшін орыс билеушілерімен арпалыса жүріп, жоңғар қонтайшысы Қалдан Серенмен астыртын байланыста болады. Абылай ханмен де тығыз байланыс жасайды. Абылай ханның бір әйелі Қарашаш Әбілқайырдың қызы екені белгілі. Орта жүздегі Барақ сұлтан Ор бекінісі маңында Әбілқайырды өлтіреді. Ханның моласы Қабырға өзенінің Ұлқұяққа құятын тұсында, Торғай қаласынан 80 шақырым жерде жатыр.

Қазақ хандарының барлығы бір нәрсені жақсы білген. Хандық жойылса, елдік те жойылады. Сондықтан Ресейдің қол астына қарағанда хандықты балаларына сайлау тәртібімен емес, мұрагерлік жолымен қалдыруға ұмтылыс жасаған. Ресей империясы қазақ жерін толық отарлауды мақсат еткен еді. Осы мақсат жолында аманатқа жас сұлтандардың бірін ұстауды жөн көрген. Әбілқайыр да осы кепті бастан кешті. Сүйікті ұлы Қожахметті аманаттан қайтарып алу жолында талай әрекет жасайды. Патша губернаторларымен қанша рет тартысады. Олар Қожахметті қайтармайды. 1737 жылғы 24 желтоқсанда патшайымға Анна Иоанновнаға жазған хатында «Ея императорскому величеству, как я обещался, в том и стою, а по указу в.и.в. найменников з детьми своими Нуралы-салтаном и с Хажей-Ахметом и з братом моим Нияз-салтаном в службу в.и.в. милостия я доволен: а сын же мой Ходжа-Ахмет за болезнь возвратился» деп қиыла өтініш жасайды.

1738 жылғы 13 тамыздағы кезекті бір хатында Анна Иоанновнадан «Я всеподданейше с сыном моим, который в Оренбурге живет, припадая к ногам в.и.в., просим, дабы оной мой сын для свидания с сродниками и братьями ево з другим моим сыном во знак верного подданства моего – Ходжа-Ахметом сменен и таким же жалованьем, как первой сын мой, снабжен и по закону нашему содержан, и вместо меня в.и.в. должной поклон отправить допущен был. За что мы все за высочайшее здравие в.и.в. бога молить и верно служить, даже до окончания жизни нашей должны» деп аяққа жығыла отырып өтінеді.

1739 жылғы 8 маусымда патшаға жазған хатында «понеже ко услугам вашего величества отправил я сына своего Ходжу-Ахмета, и вся Киргис-касацкая орда в покорности находится, и тем я успокоился» деп тағы да алдынан өтеді.

Патшайым бұл өтініштердің біріне де құлақ аспайды. Кейіннен құпия кеңесші И. Неплюевке қайта қолқа салады. «Свиданием с вами по-прежнему удовольствоваться могу: что нам объявлять соизволили, имы вам в том верим.

И об вас так думаю, что вы вновь прибыть изволили. И о нашем состоянии действительно ведать не изволите и столько нам не верите затем, что Ходжа-Ахмет-салтана не даете, и просите ево из двух которого-нибудь брата. Ежели оного Ходжа-Ахмет-салтана с Чингизом сменить не изволите, то еще до всемилостивейшей государыни нарочного от себя послать намерение имею, ибо без того дела наши окончатся не могут» деп жазады.

Не керек, Ресей билеушілері Қожахметті елге қайтармай, қамақ-қыспақта ұстайды. Кейін Айшуақ сұлтан Қожахмет сұлтанның орнына Орынборға аманатқа алынады.

Балаларының ішінен аманат сұраған Ресей үкіметіне Абылай хан да арнайы шарт қойған. Баласына тархан атағын беру, қазақтарға Ресей жерінде емін-еркін жүруге рұқсат, шекаралық командирлердің қазаққа оң көзқараста болуы, ханның қолына орыс әскерін беру тәрізді талаптары орындалмады. Оның үстіне Абылай хан Ресейге адалдық жөнінде Қызылжарға келіп ант беруге келіскен жоқ, патшаның жіберген сыйлықтарын да алмады. Абылайдың Тоғым деген баласы қосшыларымен Петерборға аманатқа емес, елшілікке, патша жүзін көруге 1778 жылы аттанғаны бар.

Жәңгір ханның, Кенесарының басынан да балаларын аманатқа беру жағдайы өтті. Оның бәрі – жеке жазатын тақырыптар. Жалпы, аманатқа берілген қазақ ханзадалары туралы толыққанды зертеу жұмыстарын жасау керек.

Нұртөре ЖҮСІП